


Валюталық спекуляция





□ **Валюталық спекуляция** – валюта бағамдарының айырмасынан алыпсатарлық пайда алу мақсатында шетел валютасымен саудаласу. Әлемде әсіресе, ұлттық не болмаса, шетел валютасының бағамын біле тұра, төмендетуге бағытталған бұрмалаулар кең таралған.



Валюталық спекуляция мәмілелерін жасаған кезде оларға қатысушылар, тәртіп бойынша, валютаны белгілі бір мерзімге сатады және сатып алады, бұл кезде айта кететіні, олардың кейбіреулері бағам жоғарылайды деп сенетін болса, екіншілері ол төмендейді деп үміттенеді. Мәміле мерзімі аяқталған кезде ол валютаны шынайы берген кезде емес, бағамдық айырманы төлеген кезде аяқталады. Бұл кезде, мәмілені жасау және оның мерзімінің аяқталуы арасындағы кезеңде болған валюта бағамының өзгеруіне тәуелді сатушы немесе сатып алушы ұтысқа қол жеткізеді.





Валюталық спекуляция жасау тауарлы операцияларға байланысты жүзеге асырылып, мемлекетке заңсыз алып келу және осы елде экспорттер-мемлекет пен импорттер-мемлекет бағаларының ара қатынасы, осы елдердегі валюталардың ортақ сатып алу қабілеттілігінің ара қатынасынан, айтарлықтай ауытқитын тауарларды сату арқылы жүргізілетін жағдайлар әлемдік тәжірибеде жиі кездеседі. Осының нәтижесінде алынған пайда тауар шығарылатын елдегі шығындарды төлеу үшін не болмаса, осы елден шетелде бағасы айтарлықтай жоғары болып келетін тауарларды сатып алу және шығару үшін қолданылады.





□ Барлық жағдайда да, спекулятивтік операциялар

★ кезіндегі сатушылар мен сатып алушылардың валюта биржасындағы әрекеттері валюта бағамдарының трендке қатысты (бағамның өзгеруінің негізгі беталысы) ауытқуларының ұлғаюына алып келеді. Валюта бағамы жоғары деңгейде болған кезде, валютаны сатып алады. Сол кезде бағам, трендпен салыстырғанда, одан да жоғары көтеріледі. Сәйкесінше, валюта бағасы айтарлықтай төмендеген кезде, ол сатылады. Сол кезде валюта бағамы трендке қатысты одан да көбірек төмендейді. Спекулянттар, айырбас бағамдарының өзгеру беталыстарын жетік қадағалай отырып, сақтандырылмаған ашық валюта ұстанымдарынан пайда алуға тырысады.






Спекулянттардың әрекеттері пайыз мөлшерлемелерінің ауытқуына және валюта бағамдарының күтілетін өзгеруіне тәуелді болады. Спекулянттар саналы түрде тәуекелге барады, өйткені, валютамен алыпсатарлық жасау келешектегі құны нақты валютада анықталмаған міндеттемелерді өз мойнына алу дегенді білдіреді. Болжамдардың дұрыс қалыптасуына тәуелді спекулянт пайда алып, ұтуы мүмкін, бірақ, шығынға да ұшырауы мүмкін. Спекулянттық қызметпен жиі кезде, банктерге қарағанда көп ұлттық корпорациялар мен жеке тұлғалар айналысады.



- Спекулятивтік мәмілелердің экономикалық жағдайға ықпалы өте маңызды мәселе болып табылады.
 - Спекуляция екі түрде болуы мүмкін.
-



- ❑ **Тұрақтандырушы спекуляция** екі жақты түрдегі мәмілелерді жүзеге асыруды көздейді.
- ❖ Біріншіден, шетел валютасының айырбас бағамы төмен немесе түсіп бара жатқан, бірақ, жақында ол жоғарылайды деп болжалған кезде, оны сатып алу.
- ❖ Екіншіден, шетел валютасының бағамы жоғары немесе көтеріліп бара жатқан, бірақ, жақында оның төмендеуі болжалған кезде, оны сату. Екі жағдайда да, осындай мәмілелер айырбас бағамының қатты ауытқуларын жұмсартады, ал тұрақтандырушы алыпсатарлық жалпы алғанда, қоғам үшін пайдалы функцияны атқарады.



□ **Тұрақсыздандырушы спекуляция** шетел валютасының айырбас бағамы төмен немесе түсіп бара жатқан, ол жақында көтерілумен ауысады деген болжалмен, оны сатуда не болмаса, валюта бағамы жоғары немесе ол ары қарайда өседі деген есеппен жоғарылаған кезде, валютаны сатып алуда қорытындылады. Мұндай мәмілелер айырбас бағамдарының ауытқу шегін ұлғайтып, тауарлар мен капиталдың халықаралық ағымдарына бұзушылық әсер етуі мүмкін.



- Мақсаты бағалы қағаздарды немесе валюталарды тура сол нарықта, бірақ, қандай да бір болашақ кезеңде немесе басқа нарықтарда қайта сату арқылы табыс алу қызметі арбитраж деп аталады.
- Арбитраж және онымен байланысты қызмет бағалар айырмасы туралы білімнен, сондай-ақ, бағалар динамикасын, операциялар көлемін, мүмкін пайда және тәуекелді алды-ала болжау қабілеттілігінен тұрады. Арбитраж, негізінен, халықаралық мерзімді қаржы операцияларымен, соның ішінде, шетел валютасының бағамдары, қысқа мерзімді пайыз және бағалы қағаздар құнына байланысты.



- Арбитраж мәмілелерінің нәтижесіндегі ең жоғары пайданың көлемі онымен байланысты тәуекелге тәуелді өзгереді.
- Ақша нарықтарындағы пайыз арбитражы дегеніміз ресурстардың несиелендіру немесе қарыз беру шарттарын жақсарту үшін бір валютадан екіншіге ауысуы аталады. Нақтылы түрде, пайыз арбитражы несиенің ең жағымды пайыз мөлшерлемесі бар мемлекетті немесе валютаны таңдауда қорытындылады. Пайыз арбитражы кезіндегі қаржы құралдары ретінде мерзімді банк депозиттері немесе мемлекеттік облигациялары қатыса алады. Ресурстардың бір валютадан екіншісіне ауысуы валюталық тәуекелдің болуын көздейді және осындай валюта аударымдары өтелмеген пайыз арбитражы санатына жатқызылады.

$$V_T^{(1)} = V_0^{(1)} \left(1 + \frac{r_1}{100} \frac{T}{360} \right)$$

- Егер валюталық алыпсатарлық ақталған болса, онда ашық валюта ұстанымды пайыз арбитражын құрамдастыруға байланысты тәуекел қосымша пайданы алу мүмкіндігін береді, ол пайыз арбитражы есебінен алынатын ұтысты нығайтады. Мысалға, егер бірінші валютаны депозитке T мерзіміне салсақ, онда келесіні аламыз.

$$V_T^{(1)} = \frac{S_T}{S_0} V_0^{(1)} \left(1 + \frac{r_2}{100} \frac{T}{360} \right)$$




ал егер өтелмеген пайыз арбитражын қолдансақ, онда


□ Мұндағы S_t - t уақыт кезіндегі екінші валютаның бірінші валютаға қатысты бағамы $V_t^{(1)} = S_t V_t^{(2)}$, $V_t^{(1)}$ - бірінші валютаның ағымдағы құны, r_i , $i=1,2$ - i -ші валютана арналған пайыз мөлшерлемесі. Қосынды ұтыс $S_T > S_0$ и $r_2 > r_1$ болғанда алынады.

□ Валюталық тәуекел S_T бағамының кездейсоқ мәндерімен байланысты. Қаржы операциясының аяқталуы кезінде арбиртражер алған пайда/шығын келесі формула бойынша есептеледі:


$$\text{Prof} = V_0^{(1)} \left(\frac{S_T}{S_0} \left(1 + \frac{r_2 T}{100 \cdot 360} \right) - \left(1 + \frac{r_1 T}{100 \cdot 360} \right) \right)$$

-
- Валюталық спекуляция мәмілелерін жүзеге асырған кезде пайда болатын әртүрлі тәуекелдердің бүтін спектірін есепке алу керек. Солардың қатарындағы деншілігін, мысалы, операциялық тәрізді, жалпы деп атауға болады, яғни, олар сан алуан түрдегі валюта аударымдары мен арбитражды мәміленің орындалуын қамтамасыз ететін, бірақ, оның ең маңызды бөлігі болып табылмайтын басқа операциялар кезінде туындайды. Дегенмен, көптеген тәуекелдер тікелей арбитраж мәмілелерін іске асырумен байланысты.
-
- 

□ Валюталық арбитраж мәмілелерін жүзеге асырған кезде келесі тәуекелдерді ажыратуға болады



Жоғарыда аталған тәуекелдерді толығырақ қарастырайық.

- **Бағамдық тәуекел** – валюта бағамының жағымсыз өзгеру тәуекелі. Арбитраж мәмілелерін жүзеге асыру кезіндегі негізгі тәуекел. Объективті факторлар, оларға мысалы, валюта бағамдарының нарықта өзгеру беталысы және басқа саяси, экономикалық факторлардың жиынтығы негізінде, белгілі бір факторлардың әсер ету дәрежесіне сараптамалық бағалау жүргізу және нарықтың ары қарайғы хал-жағдайы көмегімен есептелінеді. Мәмілелер бағамы жақын уақытта өсетін валютаны сатып алуды қарастыратын айғақты есепке ала отырып, ең жоғары деңгейде саяси, әрі экономикалық тәуекелдер ықпал етеді деп айтуға болады.
-
- 

▣ **Қаржыландыру тәуекелі.** Валюталық спекуляция мәмілелерін жүзеге асыратын қаржы компаниялары. Орындаушылық тәуекелі. Валютаны сату-сатып алу мәмілелерін брокер тікелей биржада жүзеге асыратындығына, ал шешімдер жиі кезекте, биржадан тыс қабылданатындығына байланысты, қаржы компанияларының кеңселерінде тікелей орындаушы қандай да болса жағдаяттардың әсерінен мәмілені орындай алмайды немесе оны қарастырылған көлемде және уақытта орындай алмайды деген белгілі бір тәуекел бар. Мұндай істен шығудың себебі әртүрлі болуы мүмкін: брокер және оның клиенті арасында толық өзара түсіністіктің болмауы, брокердің дене жағдайы және т.б.



- ▣ **Қызметкерлер тәуекелі** – шешім қабылдау үшін құжаттарды дайындау, жағдайды сараптау және басқа көмекші үдерістер кезінде фирма қызметкерлерінің белгілі бір саны қатысады, дайындау шараларын іске асырған кезде олардың есептеулерде, қажетті ақпаратты ұсыну және т.б. кезінде дербес қате жіберіп алулары мүмкін, бұл мәмілені жасасу кезінде шығындардың туындауының себебі болуы мүмкін.



▣ **Стратегиялық тәуекел.** Бағамдық нарықты бағалаған кезде белгілі бір көзқарас пен ұстанымдарды бастамаға алу керек, алайда оларға осы кездің өзінде қате салынуы мүмкін тәуекелі бар, сол кезде бағамдық тәуекел стратегиялық тәуекелге айналады – бұл қайсыбір салым туралы қабылданған шешім осындай шешімді қабылдау кезінде барлық ықтимал жағдайлар есепке алынбағанына байланысты тәуекел.





□ **Техникалық тәуекел** – активтерді басқару кезінде қаржы құралдарын жедел, әрі үйлестірілген басқару мүмкін емес болатын әртүрлі техникалық құралдар қолданылатындығына байланысты, операцияларды жүзеге асырған кезде техникалық істен шығуы мүмкін тәуекелі туындайды. Коммуникация және электронды басқарудың барлық құралдарында қосымша нұсқалар болғандығына немесе олар өте тез қалпына келтіріле алатындығына қарамастан, оған уақыт кетеді. Қазіргі кезде мәмілелер 1 минуттан аз уақытта жасалатындығын есепке ала отырып, тіпті болмашы кешіктіру қосымша шығын немесе залалдың пайда болу себебіне айналуы мүмкін.



▣ **Ақпараттық тәуекел** — шешім қабылдаған кезде жабық: банктік ақпараттық компьютерлік жүйелері, сондай-ақ, ашық: баспасөз, теледидар, радио тәрізді әртүрлі ақпарат көздері қолданылады. Жиі кезде, қаржы құрылымдары валюта бағамын көтеру немесе қандай да бір мәміле айналасында белгілі бір ажиотаж жасау үшін және осыдан пайда алу мақсатында қандай да бір жалған ақпаратты тарата отырып, нақ осыны пайдаланады.





Рахмет!!!

РАХМЕТ!!!

